



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №3 (1871) 30 ҚАҢТАР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Гавр университетімен ортақ жобалар іске асады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Гавр университетінің бірінші вице-президенті Жан-Ноэль Касторио мен профессор Пьер Шабальді қабылдады.



әрі дамытуға дайынбыз. Қос университет арасында әріптестікті дамыту үшін ортақ орталықтар ашуды ұсынамын. Бұл орталықтар білім мен ғылым бағытында жұмыс істесе, үлкен жетістік», – деді ректор. Өз кезегінде Жан-Ноэль

Касторио қонақжайлығы үшін университет басшылығына ризашылығын білдірді. Өз университетінің жетістіктері жайлы әңгімелеп, теңіз саласындағы ғылыми жобалар бойынша Гавр университеті Францияда алғашқы орында екенін айтты. Ал

профессор Пьер Шабаль ҚазҰУ-дың халықаралық шаралардағы белсенділігін атап өтіп, өзара серіктестіктің жемісті боларына сенім білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Ердос ОҒАРБАЕВ:

Қанша қиындық кездесе де, ғылымнан бас тартпадым

3-бет



Вэйн ВАНТА:

Жетістіктерді өзгелермен бөлісуді жөн көремін

4-бет



36 жасында профессор атанған ғалым

6-бет

2022 жылғы «Атамекен» ҰҚП ұлттық рейтингінің қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 64 білім беру бағдарламасынан (ББ) 50 ББ үздік Топ-10-ға кірді.

Ұлттық рейтингте көшбасшымыз



ламаларына тәуелсіз бағалау жүргізеді. Рейтинг 19 критерий бойынша өткізілді. Олардың ішінде: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің орташа жалақысы, білім беру бағдарламасын аккредиттеу, оқытушылар құрамының сапасы және білім беру бағдарламаларының өзектілігі.

Ректор Оңтүстік Кореядан инвестор тартуды ұсынды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Оңтүстік Кореяның Алматыдағы бас консулы Пак Нэ Чхонмен кездесті.



«Қазіргі таңда оқу орнымызда 3000 студент шетелдерден келіп, білім алуға. Солардың қатарында Оңтүстік Кореяның білім алушы жастары да бар. Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Кореяның 45 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатып, тығыз қарым-қатынаста. Оңтүстік Кореядан біздің университетке профессорлар арнайы келіп, дәріс оқуда. Алдағы уақытта аталған жұмыстармен тоқтап қалмай, серіктестікті одан әрі арттыру маңызды. Осы тұрғыда, менде бір-қатар нақты ұсыныстар бар. Бі-

ріншіден, бірлесіп симпозиумдар, ғылыми конференциялар мен кездесулерді жиі өткізу қажет. Екіншіден, Оңтүстік Корея туралы қазақша және Қазақстан туралы корей тілінде кітаптар шығаруды ұсынамын. Үшіншіден, оқу ордамыздағы инновациялық жобаларға Кореядан инвесторлар тарту. Аталған ұсыныстар Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы білім мен ғылымды дамытуда үл-

кен бастама болады деп сенемін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде бас консул аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізді. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы көшбасшы университет. Алдағы уақытта ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынаста болып, серіктестікті одан әрі арттыруға дайынбыз», – деді Пак Нэ Чхон.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Индикативтік жоспардың орындалуы – жетістік кілті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңес отырысында индикативтік жоспардың орындалуы барысы талқыланды. Кафедралар мен факультеттердің 2022/23 оқу жылының алғашқы жартыжылдығындағы көрсеткішін Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева саралады. Сонымен қатар жиында Әл-Фараби кітапханасының жұмысы мен 2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының қорытындысы айтылды.



Гүлшарат Минажева өз сөзінде алдымен факультет деңгейіндегі оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі көрсеткіштеріне тоқталды. Бұл бағыт бойынша көрсетілген тоғыз көрсеткіштің алтауы оң нәтижелерге ие. Атап айтқанда, университет бойынша ағылшын тілді білім беру бағдарламаларында студенттер контингентінің үлесі орта есеппен 190 пайызды құрады. Мұнда тарих және заң факультеттері көш бастады.

Ағымдағы оқу жылында шаруашылық есеп орталықтарының табысы едәуір ұлғайып, 166 пайызға көтерілді. Бұл бағытта заң, философия және саясаттану, биология және биотехнология, механика-математика, журналистика факультеттері жақсы нәтижеге жетті.

Бұған қоса, Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі мемлекеттік корпорацияның орталық филиалы ұсынған деректерге сүйенсек, 2022 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу үлесі жоғары. Университет бойынша орташа көрсеткіш 101 пайызды құрады, ал үздік үштікке – медицина және денсаулық сақтау, тарих, механика-математика факультеттері кірді.

Спикер ҚазҰУ-дың жоғары беделін атап өтіп, бірінші семестрде шетелдік студенттер саны артқанын жеткізді.

Келесі кезекте Гүлшарат Салауатқызы Scopus деректер базасына енген рейтингтік ғылыми журналдарда шетелдік ғалымдармен бірлесіп жарияланған мақалалардың, ОПҚ сыртқы дәйексөздерінің және эндаумент-қорға жиналған ақша көлемінің ұлғайғанына назар аударды. Жалпы, университет беделін бағалаудың екі көрсеткіші оң нәтижелерге ие және 100 пайыздан жоғары. Шетелдік және республикалық БАҚ-тағы жарияланымдар бойынша көптеген факультеттер жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Ғылыми кеңес барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің жетістігі индикативтік жоспардың барлық көрсеткіштерінің орындалуына байланысты екенін еске салып, барлық кафедралар мен факультеттер негізгі басымдықтар мен алдағы жоспарды жан-жақты талқылауы тиіс екенін атап өтті. «Бұл сапалы тәсіл мен орындауды қажет ететін бірлескен жоспарлы жұмыс. Оған барлық оқытушылар қатысуы керек. Біз беделді бағалау бойынша ғылыми-зерттеу қызметіндегі көрсеткіштерді арттыруымыз қажет», – деді ректор.

2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының қорытындысы бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ғалым хатшысы Ақмарал Сырғабаяева баяндады. Байқауға ҚазҰУ-дың 46 оқытушысы өтінім беріп, 27 оқытушы үздік деп танылды. Бір гранттың сыйақы сомасы 2000 АЕК-ті (6 126 000 теңге) құрайды.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақ телевизиясының 65 жылдығына арналған «Телевизиялық менеджмент: тәжірибе және ғылыми көзқарас» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Студенттік аудиторияға арналған кітап



Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты.

«Биыл Қазақ телевизиясына 65 жыл толып отыр. Телевизия мамандары мемлекет пен көрермен алдындағы қызметін абыроймен атқарып келеді. Осы салада еңбек етіп жүргендердің басым бөлігі ҚазҰУ түлектері. Ұлылар іргесін қалаған бұл факультетті бітіру, елге танымал азамат болу – екінші бірінің маңдайына жазылмаған бақыт. Қазақ телевизиясының қалыптасуына үлес қосқан тұлғалардың қатарында Қанапия Мұстафин, Совет Мазғұтовты ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ Қазақ телевизиясын әр жылдары басқарған Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нұртілеу Иманғалиұлы сынды қайраткерлер ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің түлектері», – деді университет басшысы.

Шара аясында белгілі тележурналист, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері Нұржан Жалауқызының «Медиа-менеджер» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Автор бұл жинақты студенттік аудиторияға арнап жазғанын жеткізді.

«Медиа-менеджер» атты кітабым менің соңғы жиырма жылдан астам уақыттағы менеджерлік қызметімде берген сұхбаттарымының топтамасынан тұрады. Туындымда мен көпжылдық тәжірибеммен бөлісемін. Бүгінгі шараны ұйымдастырып, жинақтың тұсаукесерін өткізгені үшін университет басшылығына және ұжымына алғысымды білдіремін», – деді Нұржан Жалауқызы.

Конференция барысында профессор, Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, филология ғылымының докторы, профессор Намазалы Омашев, қоғам қайраткері, ардагер журналист Марат Тоқашбаевтар Қазақ телевизиясының тарихы мен жетістіктеріне тоқталды.

Еңлік АҚЖІГІТ

ҚазҰУ-дың спорткешенінде «Парасат» кәсіподағы мен спорт клубы бірлесе ұйымдастырған университет қызметкерлері мен оқытушы-профессорлар құрамы арасындағы дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы 49-шы рет өтті.

Спартакиада жүлдегерлері марапатталды

Спартакиадаға 20 командаға біріктірілген 671 адам қатысты. Спорттық додада факультеттер мен қатар, Ақпарат және коммуникациялар департаменті, Жағдаяттық басқару орталығы, Ғылыми кітапхана және Әскери кафедраның қызметкерлері белсенділік танытты.

Оқытушылар мен қызметкерлер волейбол (ерлер, әйелдер), шағын футбол, тоғызқұмалақ, бадминтон, үстел теннисі сынды алты спорт түрінен сайысқа түсті.

Спартакиада қорытындысы бойынша жүлделі орындарды иеленген командалар арнайы дипломдармен және кубокпен марапатталып, спорт түрлері бойынша жеңімпаздарға «Парасат» кәсіподағының грамоталары табысталды.

Үшінші командалық орынды халықаралық қатынастар факультеті (декан – Д.Жекенов, профорг



– Г.Пернеева) иеленсе, екінші орын механика-математика факультетінің (декан – Ө.Әбдібеков, профорг – Ж.Байтүленов) командасына бұйырды. Заң факультеті (декан – Д.Байделдин, профорг – Л.Нүсіпова) спартакиаданың жеңімпазы атанды.

«Денсаулық» спартакиадасына белсенді қатысқаны үшін Ақпарат және коммуникациялар департаменті қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаевтың алғыс хатымен марапатталды.

InDrive компаниясының негізін қалаушы тәжірибесімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев InDrive компаниясының негізін қалаушы Арсен Томскиймен кездесті.



«Өз қызметін ғылым мен инновацияға негіздеген ҚазҰУ тек ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін көрсетуде. Университет ғалымдары отандық ғылымды дамытуда өз үлестерін қосуда. Оқу ордасында 100-ден астам инновациялық жоба дайындалды. Сонымен қатар ҚазҰУ-да Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары мен академиялары табысты жұмыс істейді. Ғылымды дамыту мақсатында көптеген халықаралық

ғылыми конференция, кездесу, көрме өткізіледі. Мәселен, жуырда сіздің қатысуыңызбен қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми-инновациялық жетістіктері көрмесі өтті. Көрмеде ЖОО ғалымдарының табысты ғылыми-зерттеулерімен қатар, студенттік стартаптар таныстырылды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сөз соңында университет ректоры Арсен Томскийге «ҚазҰУ-дың 100 инновациялық жобалары» атты кітапты сыйға тартты.

Өз кезегінде InDrive компаниясының негізін қалаушы, кәсіпкер Арсен Томский жылы қабылдағаны үшін оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевқа ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ердос Қалимоллаұлының әкесі ұстаз, мектепте химия пәнінен сабақ берген. Оқушы кезінен-ақ түрлі тәжірибе, шағын зерттеу жұмыстарын көріп өскен әрі мұғалім әкесінің бағыт-бағдар беріп, жол сілтеуімен осы салаға мойын бұрып, ден қойған. Оның химияға деген «махаббаты» осылай ашылған. Демек, ғылымға кездейсоқ келген жан емес. Сондықтан болар, аз жылдың ішінде үлкен жетістіктерге жетті.

Ердос ОҢҒАРБАЕВ,
химия ғылымының докторы, профессор:

Қанша қиындық кездесе де, ғылымнан бас тартпадым

Осы күні топырақты мұнайдан тазартатын тәсіл түрлері көп. Алайда олардың көпшілігі қымбат, күрделі процестерге негізделген әрі жұмыс барысында қолданылатын реагенттер қолжетімсіз. Сол себепті арзан, тиімді тазарту әдістері қоғам тарапынан қызығушылық туғызуда. Оның бірі – сорбциялық әдіс. ҚазҰУ ғалымдары Көксу кен орнының шунгит жыныстары негізінде сорбенттер әзірлеп шығарды. Осы жобаның жетекшісі Ердос Оңғарбаев болды.

бұрын профессор ғылыми атағын алды.

Ердос Оңғарбаев – химиялық физика және мұнай химиясы саласының білікті маманы. Оның зерттеу саласы ауыр мұнайлар, мұнайдың ауыр қалдықтары, мұнайбитумды жыныстарды өңдеу, мұнай битумдарын өндіру және түрлендіру ісімен байланысты. Он бес ғылыми жобаны іске асыруға қатысып әрі жетекшілік жасады. Осы жерде айта кетейік, елімізде 1,5 млн гектардан астам аумақ мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған деген дерек бар. Ал айналаға жайылған қара алтынның көлемі 50 млн тоннадан асады. Осы күні топырақты мұнайдан тазартатын тәсіл түрлері көп. Алайда олардың көпшілігі қымбат, күрделі процестерге негізделген әрі жұмыс барысында қолданылатын реагенттер қолжетімсіз. Сол себепті арзан, тиімді тазарту әдістері қоғам тарапынан қызығушылық туғызуда. Оның бірі – сорбциялық әдіс.

ҚазҰУ ғалымдары Көксу кен орнының шунгит жыныстары негізінде сорбенттер әзірлеп шығарды. Осы жобаның жетекшісі Ердос Оңғарбаев болды. Оның айтуынша, жобаның басты артықшылығы – мұнай қалдықтарымен ластанған жерді соңғы сатысында тазарта алуында. Яғни бұл әдіс

топырақтағы мұнай мөлшері 5-10 пайыздан аспайтын жағдайда қолданылады. Әрі екінші рет ластануға мүмкіндік бермей, процесті басқаруға жол ашады. «Әдетте бізге таныс сорбент – белсендірілген көмір тек көміртектен тұратын болса, ал шунгит құрамында кремний және басқа элементтердің оксидтері мен қосылыстары бар. Біздің ғалымдар бұған дейін шунгит негізінде суды әртүрлі зиянды заттардан тазартатын сүзгіш материалдар әзірлеп, өндіріске шығарғаны бәрімізге белгілі. Біздің жобаның жаңалығы – шунгит негізіндегі сорбентке микроорганизмдер штамдарын иммобилизациялап, алғаш рет топырақты төгілген мұнай және мұнай өнімдерінен тазартуға пайдалану», – дейді Е.Оңғарбаев.

Негізі, қоғамды дамытатын – ғылым. Сондықтан ғылымды жетілдіруге жан-жақты қолдау көрсеткен абзал. Оған мемлекет те, жеке сектор да мүдделі болғаны жөн. Профессор Ердос Қалимоллаұлы секілді ғылымға жанашырлықпен қарайтын ғалымдар көп болса, еліміздің әлеуеті сөзсіз нығаяды. Мысалы, ғалымның 434 ғылыми еңбегі жарияланған. Оның ішінде 5 монография, 10 оқу құралы, 4 әдістемелік құрал, 7 типтік бағдарлама, 21 ҚР патенттері мен авторлық куәліктері, 181 ғылыми мақала мен 203 ғылыми конференциялардың материалдары мен баяндама тезистері бар. Scopus деректер базасына 44 мақаласы енген. Бұл – үлкен еңбек әрі ғылымның дамуына қосылған сүбелі үлес.

Ердос Оңғарбаев «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын, ҚР талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияны бірнеше рет жеңіп алған. Білім саласындағы елеулі табыстары үшін Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. 2017 жылы ҚР Жоғары мектеп ҰҒА мүше-корреспондент болып сайланды.

Ғылым жолындағы үздіксіз ізденіс Ердос Қалимоллаұлын осындай биіктерге жеткізді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Білікті кадрлар даярлаудың шебері

Осы күні «Болашақ» бағдарламасымен шетелден білім алу, зеру мамандыққа сол жақтан машықтанып келу таңсық оқиға емес. Халықаралық стипендияны иеленіп, әлемдік деңгейдегі биіктерді бағындырған оқу орындарын ойдағыдай бітіріп келген жас мамандардың ел экономикасы мен халық дәулетін арттыру жолындағы істерге білек сыбана кірісіп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Ал өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы, алпысыншы жылдарының басында шетелге шығып білім алу дегеніңіз түске ғана кіретін жағдай болатын.



оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, 1991-98 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде кафедра меңгерушісі, 1998 жылдан бері ҚазҰУ-дан табан аудармай, ұрпаққа білім беру ісінен қол үзбей келе жатқаны ділінің беріктігін көрсетеді.

Кезінде алмағайып заманда математиканың сан саласынан қазақ тілінде дәріс жүргізуге жол салғандардың бірі де Жанұзақ аға болатын. Өзінің әріптестері, белгілі математиктер М.Орынбасаров, М.Төлегенова, А.Беделбаев, М.Хайруллин сияқты ғалымдармен бірлесіп шығарған ана тіліміздегі бірнеше әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтары қарақөздердің көзін ашқан құбылыс болды. Әсіресе «Арнаулы функциялар және олардың кейбір қолданулары», «Математикалық физика теңдеулері», «Коши тектес интегралдар және оның қолданымдары», «Эллипстік теңдеулер жүйесінің шекаралық есептері», «Аналитикалық функциялардың шекаралық есептері», «Математикалық талдау дәрістерінің конспектісі», «Функциялық талдау» аталатын кітаптарының тілдік күрмеудің қиындығын көріп жүрген қазақ студенттеріне қолғабысы көлдей болғаны жасырын емес.

Сексеннің сеңгіріне шыққан ұстаз «Сұрша қызды» әулеткенде құлақтың құрышын қандыра, қазақи делебенді қоздырып жіберетінінің өзі бұл кісінің басына Жаратқан тек формулаларды ғана емес, өшпес өнердің құсын қондырғанын да байқағандай боласың.

Кеудесі қазына ұстаз, құрметті Жанұзақ ағамызға шаңырағыңыздың шаттығы молая берсін, шашаңызға шаң жұқтырмай, ел құрметіне бөлене беріңіз деп тілейміз!

Төлеухан ИМАНҚҰЛ,
Математика кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к.

Сол кездің өзінде Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындарынан алған білімін күні бүгінге дейін ел игілігіне жаратып жүрген жайсаң жандар аз емес. Солардың бірі де бірегейі, ғылымда өшпес із қалдырған академик А.Таймановтың қолдауымен еліміздегі оқуын Новосібірде тамамдап, жарты ғасырдан астам уақыт ҚазҰУ студенттері білім нәріне сусындатып жүрген, механика-математика факультетінің профессоры Жанұзақ Тоқыбетов ағамызды ерекше атап өтер едік. Түркістан облысының Түлкібас ауданы Сарыбұлақ ауылдық кенесіне қарасты Қызыларық ауылында 1943 жылы дүниеге келген Жанұзақ Әбдіқұлұлы Қазақ педагогикалық институтында студенттік өмірді бастап, 1966 жылы Ленин комсомолы атындағы Новосибирск мемлекеттік университетінен түлеп ұшқаннан бері еліміздің білікті кадрларын даярлау жолында тер төгіп келеді.

Тұла бойында діл мен тіл тұтаса өрілген, тұлғалық мінезін қалыптастыру қасиетін Б.Жаңбырбаев, Ш.Еркеғұлов, Х.Ибрашев, Х.Құрманалин, Б.Оразбаев, Б.Төлегенов сияқты математика майталмандарынан дарытқан Жәнеңнің 1968-71 жылдар аралығында КСРО ҒА В.Стеклов атындаты Математика институтының дифференциалдық теңдеулер бөлімінің аспирантурасын тамамдап, кандидаттық диссертациясын табысты қорғаған соң, 1972-77 жылдары ҚазССР ҒА Математика және механика институтында ғылыми қызметкер, 1977-91 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде аға

Вэйн ВАНТА:

Жетістіктерді өзгелермен бөлісуді жөн көремін

Вэйн Ванта – АҚШ-тың Флорида университетінің профессоры. Ол халықаралық деңгейде саяси коммуникация және медиа ықпал саласындағы зерттеулерімен танымал. Екі жүз референттік жарияланым мен конференциялық баяндамалары бар. Профессор 50 елде дәріс оқып, ғылыми баяндамалар жасаған және сегіз кітаптың авторы.

Ғалым журналистика мен бұқаралық коммуникация саласындағы білім беру қауымдастығының президенті қызметін атқара отырып, журналистік білім беруде маңызды көшбасшылық рөл атқарды. Ванта Дүниежүзілік журналистика білімі конгресінің екі отырысының делегаты болды. Ол сондай-ақ ұлттық журналистиканы аккредиттеу кеңесінде қызмет етті және екі рет АЕЖМС білім беру стандарттары комитеті президенттігіне сайланды.

– АҚШ-та магистратура және бакалавриат бағдарламалары бір-бірінен өте ерекшеленеді. Бакалавриат бағдарламасында кәсіби дағдылар курстары басым. Журналистика студенттері жаңалық тарату туралы ақпараттарды бастапқы курста үйренеді. Жоғары курста журналистік зерттеу, редакциялау, дизайн және басқа да бірнеше салалар бойынша мамандандырылған курстар қатар оқытылады. Жақында осы салаға деген қызығушылық жоғары болғандықтан, спорт журналистикасы мамандығын қостық. Дәл осындай құрылым біздің басқа бөлімдерімізде жарнама, қоғаммен байланыс және телекоммуникация саласында қолданылады. Біз журналистика тарихы сияқты салаларда элективті курстарды ұсынамыз. Мен «БАҚ және саясат» атты пәннен сабақ беремін. Сабаққа журналистикадан басқа да мамандықта оқитын студенттер қатысады. Біздің магистратура бағдарламаларымызда зерттеу курстары басым. Магистратурада медиа теориясы, саяси коммуникация, халықаралық коммуникация, денсаулық сақтау саласындағы коммуникация және басқа да бірнеше салалар бойынша курстар

бар. Олардың барлығы магистранттарды ғылыми зерттеуге баулиды. Сондай-ақ зерттеу әдістемесі бойынша пәндерді ұсынамыз. Соның ішінде сауалнамалық зерттеулер мен мазмұнды талдауларды өзім жиі өткіземін. Бұл курстар магистранттарға да, PhD докторанттарға да қолжетімді. Сонымен қатар бакалавриат бағдарламасы сияқты кәсіби шеберлік курстарына көбірек бағытталған кәсіби магистр дәрежесін де ұсынамыз. Бағдарлама құрылымының бұл түрін АҚШ-тың көптеген университеттерінен табуға болады.

Америкадағы журналистика курстарын ұсынатын 300-ден астам университеттің шамамен жетпіс-сексенінде PhD дәрежесі беріледі. Дегенмен PhD бағдарламалары көбінесе ірі мемлекеттік университеттерде және кейбір ғылыми зерттеуге негізделген жекеменшік университеттерде оқытылады. Бакалавриат бағдарламалары аккредиттеу стандарттарына байланысты өте ұқсас. Бұл стандарттар университеттерден кредиттік сағаттар мен курс түрлеріне қатысты бірнеше ережені сақтауды талап етеді. Мен аккредиттеу кеңесінде болған кезде АҚШ-тағы 300 журналистика бағдарламасының 130-ға жуығы аккредитациядан өтті. Біздің PhD докторларымыздың барлығы дерлік ғылыми стипендиялар арқылы қаржыландырылады. Ерекшеліктері – шетелдік студенттер өз елі тарапынан қаржыландырылады. Кейбір шетелдік магистранттар да өз елінің қаржысына оқиды.

Ғылымға алғаш келгенде жолы болған ең бақытты жанның бірімін деп айта аламын. Себебі Техас университетінде магистра-



тураға оқуға түскен кезде медиа саласындағы ең танымал ғалымның бірі Максвелл Маккомбспен жұмыс істедім. Сондықтан ғылым жолында тәлімгердің қаншалықты маңызды екенін айтқым келеді. Профессор Максвелл Маккомбстың маған берген тәлімгерлік білімін студенттеріме беруге тырыстым. Көптеген жылдар бойы өте қабілетті, тамаша студенттермен жұмыс істеу бақытына ие болдым. Жалпы, мен жеке зерттеулерді көп жүргізбеймін. Жетістіктерді өзгелермен бөлісуді және бірлескен авторлармен жұмыс істегенді жөн көремін. Осы күнге дейін 100-ден астам автормен жұмыс істедім, – дейді ол.

Профессорға «Жалпы, қазіргі журналистика туралы ойыңыз қандай?» деген сауал қойдық.

– Қазіргі кезде әлемдік журналистік білім беру саласы өзінің оқу бағдарламасының ең жақсы үлгісін табу үшін күресуде. Бір жағынан, журналистика білімі репортаж бен редакциялаудың негізгі талаптарына назар аударуы керек. Себебі жақсы журналист болудың негізі – осылар. Бірақ технология күн сайын өзгеріп жатқандықтан, оқу бағдарламасы арқылы озып кету оңай емес. Ашығын айтқанда, журналистика саласының болашағы бұлыңғыр, – деп Вэйн Ванта өз пікірін білдірді.

Ванта бұқаралық коммуникация теориясы, зерттеу әдістемесі, интернет-зерттеу, спорттық репортаж, жаңалықтарды өңдеу және дизайн бойынша курстардан сабақ берді. Ол осы уақытқа дейін Журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Профессор Вэйн Ванта 2022 жылғы 24 қазаннан 18 қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылы шетел ғалымдарын республикалық бюджет есебінен тарту бағдарламасы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Әлеуметтік желі ғасырындағы медианың ықпалы» тақырыбында дәріс өткізді. Сонымен қатар профессор Ванта Қазақ радиосы ұжымына «Медианың ақпарат таратудағы мүмкіндіктері» тақырыбында презентация жасады. Профессор университет оқытушылары мен жас ғалымдарына арнап «Академиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу» тақырыбында семинар өткізді. Семинарға университеттің алты факультетінен ғалымдар қатысып, профессорды Scopus деректер базасындағы журналдарға мақала жазу туралы тәжірибесімен танысты. Профессор Вэйн Ванта журналистика факультетінің 1-курстағы екі докторантына ғылыми жетекші бо-

лып тағайындалды және олардың тақырып таңдауы мен ғылыми жұмыстарының жоспарын жасауға көмектесті. Оқытушылар, студенттер, магистранттар мен докторанттарға өте пайдалы дәріс болды.

– АҚШ-тағы әрбір университет өзінің зерттеу бағдарламасын өртараптаңдыруға ұмтылады. Қазақстан Еуропаның да, Азияның да бөлігі болып табылатын және бұрынғы Кеңес Одағымен байланысы бар көпмәдениеттіліктің ең жоғары деңгейін ұсынады. Мен студенттерге жоғары сапалы жарияланымдары бар ғалымдардан үйрену қажет екенін айтамын. Біздің бөліміміз өз зерттеулерімізді басқалардың да оқығанын қалаймыз. Сондықтан қарапайым электронды пошта кейде ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа әкелуі мүмкін. Менің зерттеуімнің бір бөлігі жаңалықтардағы «объектілер» туралы БАҚ-тың ақпараты біздің пікірімізге әсер ету үшін «атрибуторды» сол нысандармен қалай байланысуына бағытталған. Медиадан Орталық Азия туралы көп ақпарат таба алмаймыз, сондықтан менің Қазақстанмен байланыстыратын атрибуттарым жеке тәжірибемнен алынған және олардың барлығы өте жақсы. Осы уақытқа дейін әлемнің 79 елінде болдым. Мен үшін баратын елдің ең маңызды аспектісі – сол елдің адамдары. Қазақтар өте мейірімді, қоңақжай халық. Мұндағы тағамдар да керемет. Мен мұнда технологияның қолданылуына таңғалдым. Мәселен, ұялы телефонды адамдар АҚШ-тағы тәжірибеге қарағанда басқа да қызмет көрсету үшін көбірек пайдаланады екен. Менің Қазақстанға екінші сапарым өте қызықты болды, – деп өзін қорытындылады шетелдік ұстаз.

Қарлыға МЫСАЕВА,
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, журналистика факультеті деканының орынбасары

Араб тілін оқытудың заманауи мәселелері талқыланды

Сан ғасырлар бойы сауда жолдарының тоғысында болған Сауд Арабиясы түбегі ежелгі мәдениет пен әлемдік өркениеттерді бір-бірімен байланыстырып келеді. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы Эр-Рияд қаласында Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясының шақыртуымен халықаралық семинар-тренингке қатысты. Іссапардың мақсаты – араб тілін оқыту әдістемесі бойынша кәсіби біліктілікті арттыру.

Делегация құрамында қазақстандық арабтанушы мамандар, пән оқытушылары, оның ішінде шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының профессор-оқытушылары болды. Семинардың негізгі мақсаты – Қазақстан мен Сауд Арабиясы арабтанушы оқытушыларының кәсіби қауымдастықтарының байланысын нығайту, тәжірибе алмасу, кәсіби құзыреттілікті одан әрі дамыту.

Оқытушыларымыз семинарға ерекше қызығушылықпен қатысып, түрлі тақырыпта баяндама-

лар жасады, тәжірибе алмасуға мүдделі болды. Осы іс-шара аясында халықаралық форум өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырушы – Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы.

Форумды алты спикер өткізді. Оның төртеуі Қазақстаннан, қалғаны Араб тілі академиясы тарапынан. Форум келесі бағыттарда жұмыс істеді: дүниежүзіндегі басқа тілдерде сөйлейтіндерге араб тілін үйретудің ақиқаты және академияның жаһандық қызмет етудегі араб тілінің рөлі; Қазақ-



стандағы араб тілінің білім беру тәжірибесі (ақиқат және проблемалар); Қазақстандағы араб тілінің білім беру тәжірибесі (академиямен ынтымақтастықтың амбициясы мен болашағы).

Қатысушылардың барлығы халықаралық форумның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті. Спикерлердің баяндамалары өзекті

және ақпараттық мазмұнда болды. Мен шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының атынан аталмыш форумда «Бүкіл әлемде араб тілін оқыту: Қазақстанның тәжірибесі үлгі ретінде» тақырыбында баяндама жасадым.

Бұл форум жоғары оқу орындарында араб тілін оқытудың заманауи мәселелерінің кең ауқы-

мын қамтыды. Халықаралық форумның, жалпы, семинардың ұйымдастырылуы, өзекті тақырыптар, практикалық мысалдар арқылы қолжетімді түрде қысқаша сипатталды. Семинарды тыңдаушылармен тікелей қарым-қатынас түрінде, яғни практикалық нақты мысалдармен білікті мамандар өткізді. Бұл іссапар қабылдаушы Халықаралық араб тілі академиясы тарапынан қаржыландырылды. Сол себепті Халықаралық араб тілі академиясының бас хатшысы, доктор Абдулла ибн Салих әл-Уәшмиге бүкіл ұжым алғыс айтады. Барлық оқытушылар халықаралық үлгідегі сертификаттарға ие болды. Оқытушылар «осындай білім мен мәдени көпір жалғасын таба берсін» деген тілек білдірді.

Фатима МАМЕДОВА,
шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті



Фарабитану саласындағы ынтымақтастық артады



Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби ғылыми кітапханасында Алматыдағы Иран Ислам Республикасының бас консулдығы, ҚазҰУ-дың Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру департаменті, Әл-Фараби орталығы, философия және саясаттану, шығыстану факультеттерінің бірлесіп ұйымдастыруымен ҚазҰУ ғалымдарының Иран Ислам Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бас сарапшысы және Әл-Фараби жұмыс тобының төрағасы Әли Мұжани Қоми мырзамен кездесу өтті.

раби орталығының жеке қорын жасау, студент жастар арасында ұлы ойшыл шығармашылығы бойынша арнайы ашық байқау жариялау, байқау нәтижесі бойынша Әл-Фараби стипендиясын тағайындауды ұсыну, Қазақстанда өткен ғасырдың 70-жылдарынан атап өтілетін халықаралық Әл-Фараби күнінің маңызын арттырып, Иранда 2021 жылдың қарашасынан бастап атап өте бастаған Әл-Фараби күнінің мәнін байыптап, кинотеатр, музейлер мен театр сахналарында Әл-Фараби мұрасына арналған деректі фильмдер, қойылымдарды көрсету туралы ой-пікір ортаға салынды. «Мәулана», «Фулбрайт», «Эберт қоры» секілді халықаралық Әл-Фараби қорын қалыптастыру, әлемде ғұлама ғалым мұрасын зерттеумен айналысатын халықаралық ашық платформа құру секілді салмақты ұсыныстар айтылды.

Сонымен қатар сарапшылардың ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында Ирандағы Әл-Фараби қолжазбалары, еңбектері мен оған қатысты зерттеу еңбектерінің арнайы залын ашу, Тұран мен Иран қарым-қатынасының тарихы негізінде екі елдің әдебиетін, философиясын, мәдениетін насихаттайтын, Қазақстан мұрасын Иранға, Иран мұрасын Қазақстанға таныстыратын ғылыми қор құру, Қазақстандағы фарабитануға қатысты еңбектерді парсы тіліне, Иран фарабитанушыларының еңбектерін қазақ тіліне аударуды қолға алу жайы да кеңінен талқыланды. Әл-Фараби мұрасына қатысты публицистикалық және ғылыми зерттеулер жарияланатын екі елдегі нақты баспасөз құралдары мен нақты жоғары рейтингті ғылыми журналдар арнайы таңдалса деген ұсыныстары екі ел арасындағы ғылыми байланыстарды одан әрі дамытып, жандандырады деген ортақ пікірге екекелді.

Кездесу соңында философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрлігінің бас сарапшысы, Әл-Фараби жұмыс тобының төрағасы Әли Мұжани Қоми мырзаға Әл-Фараби орталығы шығарған еңбектерді сыйға тартты.

Әсет ҚҰРАНБЕК,
филос. ғ.к., Философия кафедрасының меңгерушісі

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
PhD, Философия кафедрасының аға оқытушысы

теулерге деген қадамын нығайтуға атсалысса, «Әл-Фараби және қазіргі заман» халықаралық ғылыми конференциясы фарабитану бойынша дүниежүзіндегі фарабитанушы-ғалымдарды біріктірген беделді платформаға айналды. Аталған іс-шараларды жаңа сатыға көтеретін халықаралық Фараби форумы 2022 жылы сәуір айында халықаралық деңгейде ұйымдастырылып, Фараби мұрасын тануға тың серпін берілді.

Кейінгі жылдары ҚазҰУ ғалымдарының күш-жігерімен Әбу Насыр әл-Фарабидің «Саясат жайлы трактат», «Трактат о политике», «Китаб әл-уахид уал-уахда (Бір және бірлік), Едино е единство (аль-Уахид уаль-Уахда), «Даналық маржандары» және т.б. трактаттары араб тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып, жарық көрді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Фараби мұрасын зерделеу бағытындағы барлық бастамаларға қолдау көрсетуге, бірлесіп жұмыс істеуге дайын. Соның бір жарқын мысалы ҚазҰУ-лық фарабитанушы ғалымдардың Әл-Фараби орталығындағы жиынында алдағы бағыттарды талқылап, нақты ұсыныстар айтылды.

Жиында ғалымдар ирандық сарапшымен сұхбаттасып, алдағы фарабитану жұмыстарын талқылады. Олар кездесудің екі ел арасындағы фарабитанудың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде іргелі бастамаларға жол ашатынына сенім білдірді.

Кездесудің ғылыми мазмұны да жоғары. Айталық, жиында Әл-Фараби мұрасын зерттеуге байланысты халықаралық жобалар жасап, екі елдің ғалымдарының бірлесіп жұмыс жүргізуі, Әл-Фараби шығармашылығына арналған деректі фильмдер, ортақ кинофильм түсіру жағын да қолға алу мәселесі қозғалды. Екі жақтың Әл-Фараби қолжазбаларымен алмасу тетіктерін қарастыру, еңбектерін, шет тілдердегі аудармаларын туған жеріне қайтару туралы әңгіме қозғалды. Әл-Фа-

Халық бұқарасы әр кезеңде өзінің зиялы, оқыған азаматтарына үлкен үміт артып, басына қиын-қыстау күн туған уақытта арқа тұтты. Ұлттық мүддені қорғаған қазақ интеллигенциясының саны аз болғанына қарамастан, олар өз кезегінде халықтың саяси санасының қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Бірақ әкімшіл-әміршіл жүйеге қызмет еткен моноидеология ұзақ жылдар бойы қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылық қызметтерін ұлтшылдық ретінде бағалап, олардың еңбектері мен саяси идеяларын оқып-зерделеуге, мәндерін танып-білуге тыйым салып отырды.

Тарихты зерделеу жұмысы жалғасады



Алайда тәуелсіздігіміздің тұғыры орнаған тұста ұлт мүддесі жолындағы күресте әкімшіл-әміршіл жүйе құрбаны болған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов және тағы басқа қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық, шығармашылық, ғылыми қызметтері жаңа көзқарастар тұрғысынан жүйелі түрде зерттеліп жатыр. Десек те, кеңестік қоғам тарапынан орын алған әкімшіл-әміршіл жүйенің қыспағына түскен сан мыңдаған азаматтар есімдерін қайта қарау, саралау, тарихи баға беру жұмыстары толыққанды шешімін тапты деп айта алмаймыз.

Соған орай, 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы қабылданса, 1997 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Ал тәуелсіздігіміздің 30 жылдық белесіне орай, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін халық тарихының қайғылы бетін мәңгі есте қалдыру шараларын негіздеу үшін 2021 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойды. Осыған орай, аталған істе мемлекеттік комиссия құрамы жұмыс жасап, Президент Әкімшілігі мен Үкіметінің өкілдері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары және еліміздің танымал жоғары оқу орындарының ғалым-профессорлары жұмыс істеуде.

Республикалық, облыстық және ірі қалалардағы комиссия мүшелері бірнеше бағыттарда жұмыс істеп, ғылыми-салыстырмалы талдаулар жүргізуде. Соның ішінде Алматы қаласы бойынша құрылған жұмыс тобының мүшелері ҚР Президентінің архиві, ҚР Орталық мемлекеттік архиві, Алматы қаласына қарасты Полиция департаменті ақпараттық-сараптама орталығы Арнаулы мемлекеттік архиві, Алматы облысы

Қарасай ауданында орналасқан Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама мекемесі және т.б. мекемелердегі бұған дейін құпия болып келген қорлармен жұмыс істеуде. Қоғамның барлық саласын қамтыған саяси жүйенің әкімшіл-әміршіл әрекеті қарапайым жұмысшылардан бастап, дін өкілдерін, сауатты азаматтар мен белсенді қоғам өкілдерін қамти отырып, әртүрлі санаттағы айыптаулар тақты. Олардың көпшілік бөлігі сол тұстағы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы «Кеңес өкіметін құлатуға, әлсіретуге немесе революцияға қарсы кейбір қылмыстар жасауға шақыруды қамтитын насихат немесе үгіт» (58-2, 58-9 баптар) әрекеттері үшін қудаланды. Алдыңғы легі ең ауыр жаза – ату жазасына кесілсе, одан кейінгілері 10 жылға дейінгі мерзімге түзету лагерьлеріне жабылып, жазаланды. Тарихымызға «жылымық» атымен енген 60-жылдарға қарай олардың біраз бөлігі ақталуға мүмкіндік алғанымен, қазақ мемлекеттілігі үшін күрескен негізгі тұлғалар ақтала алмағаны белгілі.

Қалай десек те, қазақ тарихының ауыр да сындарлы тұсы болып танылатын XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы негізсіз айыптау науқанына қатысты құжаттар тобын толықтыру, қоғам мүшелері мен қайраткерлерінің есімдерін толығымен қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу әлі де қажет екенін танытып отыр. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғалым-оқытушылары да аталған комиссия құрамында зерттеулер жүргізіп, жұмыстар атқаруда. Тарихи тұлғалар есімін жасақ ұрпақтың санасында, отандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында жасалған кез келген жұмыс қоғам үшін аса маңызды. Сол себепті де бұл арнайы комиссияның атқаратын жұмыстары әлі де жалғаса берері сөзсіз.

Гүлжазира ӘБИКЕНОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
М.а., Т.ғ.к.
Мәдина БАЙДӘУЛЕТОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы,
PhD

36 жасында профессор атанған ғалым

Айтхожа Биғалиев Ресейдің Самара ауданына қарасты «Рабочий» совхозында 1942 жылы дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін «Жануарлар генетикасы және селекциясы» мамандығы бойынша үздік бітірген. 1966-69 жж. Ресей академиясының Жалпы генетика институтының аспирантурасын тамамдап, 1970 жылы академик Н.Дубининнің жетекшілігімен кандидаттық диссертация, ал 1980 жылы Ресей академиясының Жалпы генетика институтының диссертациялық кеңесінде «Оценка генетической опасности тяжелых металлов как промышленных загрязнителей окружающей среды» деген тақырып бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

1969-71 жж. Қазақ КСР ҒА Эксперименталдық биология институтының ғылыми хатшысы қызметін атқарған кезде жануарлар хромосомаларының цитогенетика зерттеу әдісін енгізді. Жабайы шошқамен будандастырып алынған жаңа түрдің хромосома жиынтықтары анықталды. Бұл селекция үшін өте маңызды зерттеулердің бірі саналды. Айтхожа Биғалиұлы 36 жасында профессор атағын алды.

1971-1985 жж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді. Одан кейін профессор А.Биғалиев Қарағанды мемлекеттік университетінде оқу ісі бойынша проректор қызметін атқарды. 1986 жылдан Семей полигонында жасалған ядролық сынақтардың генетикалық әсерін бағалау мақсатымен зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Семей полигоны радиациямен лас-танған аймақтарының радиация деңгейінің картасын жасады. Профессор А.Биғалиевтің осы зерттеу жұмыстарының нәтижесі Қарағанды облысының Егіндібұлақ және Қарқаралы аудандарының ядролық сынақтан зардап шеккен аумақтардың қатарына кіргізуге ғылыми дерек болып алынған.

Айтхожа Биғалиұлы 1987 ж. университет ректоры қызметіне тағайындалды. Сол кездегі Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен «Қоршаған ортаның қауіптілік факторларының әсерін зерттеу» зертханасы ұйымдастырылып, тұңғыш рет Семей полигонына іргелес екі ауданының (Қарқаралы және Егіндібұлақ) қоршаған ортасына және тұрғындар денсаулығына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нақты айтқанда, 1993 жылы ҚР премьер-министрі болған Ұ.Қарамановтың басқаруымен мемлекет қаулысын дайындауына қатысқан.

Профессор А.Биғалиев – белгілі қоғам қайраткері. 1991 жылы Білім министрінің бұйрығымен Қазақ ұлттық университетінің Экология және топырақтану кафедрасының меңгерушісі қызметіне ауыстырылды. 1992 жылы «Невада – Семей» халықаралық



антиядролық қоғам жанынан «Радиация – Экология – Денсаулық» ғылыми комитетін ұйымдастырды. ҚР «Адам және биосфера» атты ұлттық комитеті төрағасының орынбасары, биология факультетінің ҒК мүшесі, Journal of Ecology (London) халықаралық журналының және ҚР мен ТМД елдерінің ғылыми журналдар редакциялық кеңестерінің мүшесі.

1993 жылы университет жанынан Экология проблемалары ғылыми-зерттеу институтын ашып, 2003 жылға дейін институт директоры қызметін қатар атқарды. А.Биғалиевтің жетекшілігімен «Экология» мамандығы бойынша бакалавриатқа, магистратураға және PhD докторантураға арналған мемлекеттік білім беру стандарттары, оқу жұмыс жоспарлары, типтік бағдарламалар жасалып, олар қазіргі кезде ҚР барлық жоғары оқу орындарында қолданылып келеді. Ол өзі оқитын барлық пәндер бойынша ПОӘК және оқу жоспарларын жасап, «Экология» және «Қоршаған ортаны қорғау және биологиялық әралуандылықты сақтап қалу» пәндері бойынша оқулықтар жазды. Оның бірқатарын атап өтсек: «Проблемы окружающей среды и сохранения биологического разнообразия», «Биоэкология», «Жалпы экология» (үш тілде), «Экологиялық генетика» оқулығы қазақ тілінде және «Экологи-

ческая генетика» орыс тілінде жарық көрген.

Профессор А.Биғалиев республикада биология ғылымының жаңа саласы – экологиялық генетиканың дамуына ерекше үлес қосып, өзінің ғылыми мектебін ашып, биология ғылымының 7 докторын, 21 кандидатын, 2 PhD докторын даярлап шығарды. Ғалым 7 монография мен оқулықтың, 300-ден астам ғылыми мақаланың авторы (оның 50-ден астамы ағылшын тілінде). 1996-2002 жж. Миддлсекс университетінде (Лондон) шақырылған профессор ретінде қызмет етті. 1996 жылдан Ұлыбритания экологтар қоғамының толық мүшесі. ЮНЕСКО экологиялық білім беру еуропалық комитетінің 1995 жылдан мүшесі. ЕО-ның ғылыми жобаларды бағалау комиссиясының мүшесі. Халықаралық ақпараттандыру академиясының мүшесі. ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық академиясының мүшесі.

КСРО «Білім беру үздігі», ҚР «Білім беру үздігі» белгісімен, ҚР «Құрмет» орденімен, «ЖОО үздік мұғалімі» грантының иегері атанған ұстазымыз 80 жасқа толып отыр. Ұстазымызға зор денсаулық, отбасына бақ-береке тілейміз.

Жанар ЧУНЕТОВА,
Жазира ЖҮНІСБАЕВА,
Молекулалық биология және генетика кафедрасының оқытушылары



Куратор-эдвайзерлер бас қосты

Физика-техникалық факультетінің деканы Нұрзада Әбдібекқызы және факультет аға кураторының қатысуымен ер топтың студенттері және куратор-эдвайзерлерімен бірге кеңейтілген кураторлық сағат жүргізілді.

Кураторлық сағаттың мақсаты – студенттерге ҚазҰУ студенті ережесін және ҚазҰУ студентінің арнамыс кодексін таныстыру. Сонымен қатар білім алушыларға салауатты өмір салтын ұстануға, өзінің мәдени, адамгершілік және

тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылуға, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысуына бағыт беру.

Жалпы, куратор-эдвайзердің негізгі миссиялары – білім беру бағдарламаларын игеруге, мәдени іс-шараларға, ғылыми жұмыстарға белсенді араласу үшін студенттерге моральдық және материалдық ынталандырудың түрлі формаларын үйрету. Сонымен бірге студенттерге мотивация бере отырып, тұлғалық өсуіне көмектесу.

Факультет кураторлары студенттерге арнамыс кодексінің, ішкі тәртіп, жатақхана ережелерінің және университеттің басқа да нормативтік актілерінің та-

лаптарын орындауға тиіс екенін жете түсіндірді. Университеттің білім беру бағдарламалары талаптарын орындап, жоғары кәсіби деңгейде игеру керек екенін баса айтты. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу және мәдени-қоғамдық салаларға белсенді араласуға оқу барысында қойылатын талаптарды орындауға, құрал-жабдықтарды, оқытуға қатысты техникалық құралдарды және басқа да мүлкіті ұқыпты ұстауға, университет аумағында тазалық пен тәртіп сақтауға міндетті екенін түсіндірді.

Эльмира ЗУЛЬХАРОВА,
физика-техникалық факультетінің аға кураторы

Шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінің оқытушысы Самал Боранқұлова Жапон халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) бірегей жобасы ретінде 2002 жылы Нархоз университетінде ашылған Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталығының (KJC) 20 жылдық мерейтойына арнайы шақыртумен қатысып, алғыс хат иеленді.

меттерді тұтынушыларға арналған сериялық тілдескіштердің жапонша нұсқасы, жапон тілінің басты «Минна но Нихонго» оқулығының қазақша нұсқасы авторларының бірі. Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында Ұлттық

Ерен еңбек жемісі

Алғыс хатта: «Біз сіздің Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталығының өркендеуіне қосқан үлесіңізді шын жүректен бағалап, бұдан былай да Қазақстан мен Жапония арасындағы бірлескен маңызды жобаларды іске асыруда қолдауыңызға сенім білдіреміз», – делінген.

Самал Боранқұлова – елімізде 30 жыл бұрын ең алғаш Қазақ ұлттық университетінде ашылған жапонтану бөлімінің алғашқы түлектерінің бірі. Университет бітіргелі бері осы оқу орнында жапон тілін оқытып, жапонтанушы мамандар даярлау ісіне зор үлес қосып келеді. Бірнеше жыл Қазақстандағы жапон тілі оқытушылары қауымдастығына басшылық етті. Одан бөлек, Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінде халықаралық байланыстар бойынша жауапты оқытушы. Түрлі халықаралық бағдарламалар, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысты маңызды құжаттардың бәрі дерлік Самал ұстаздың қолынан өтеді. Жапондық делегациялармен хат-хабар алысу, келіссөздер жүргізу,



Жапонияға түрлі бағдарламамен, түрлі мерзімге оқуға кететін студенттердің құжаттарын реттеу сияқты маңызды шаруаның барлығы Самалдың мойнында. Жапонияның бірнеше университетімен келісімшарт жасасуға еңбегі сіңгеннен бөлек, жапон студенттеріне арналған қысқы және жазғы мектеп ұйымдастыру ісінде де еңбегі зор.

Әріптесіміз Самал Боранқұлова, сондай-ақ, «Қаржы-банк саласына арналған қазақ тілінің оқу-әдістемелік және сөздік-анықтамалық кешені» жобасының аясында әлемнің ең кең тараған 12 тілін қамтыған банк қызметкерлері және қаржылық қыз-

аударма бюросы ұйымдастырған Абай шығармаларын 10 тілге аудару жобасына қатысып, ақын мұрасын жапон тіліне аударуға да атсалысқан.

Аға оқытушы, магистр Самал Боранқұлованың жапон тілін оқыту саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі осылай бағаланды. Біз де құрметті әріптесіміз, Самал ұстаздың еңбегіне алғыс айтып, Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстардың дамуына әлі де зор үлес қосатынына сенім артамыз.

Мәдина ШАДАЕВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы

Востоковеды КазНУ в British Library

Сегодня, в эпоху глобализации, когда открываются границы и сближаются культуры, остро встает вопрос акцентирования общечеловеческих ценностей и гуманистических идей, к которым относятся и религиозно-философские. Люди начинают понимать, что несмотря на внешние различия, народы и культуры имеют общие духовные начала, в основе которых лежат первые религиозные и философские представления человека. Их духовная ценность имеет общечеловеческое значение и непреходящую ценность.

В социальном, экономическом и культурном развитии любого государства знание собственной истории, патриотический дух, уважение и сохранение духовного наследия являются приоритетом. Кроме того, немаловажным аспектом развития является влияние иных народов и культур, возникшее в результате исторических контактов. Изучение взаимовлияния казахской и других культур, их духовного наследия приобретает в наше время особую значимость и актуальность.

С 15 декабря 2022 по 7 января 2023 года к.филос.н., зав. кафедрой Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения Кокеева Д.М. и старший преподаватель Искакова З.Е. работали в British Library (Великобритания) с целью сбора материала в рамках проекта «Қазақ және үнді халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» – «Основы духовности в традиционном мировоззрении казахского и индийского народов (религиозно-философский синкретизм)», финансируемого МОН РК. Основная идея проекта заключается в комплексном изучении основ духовности в традиционной картине мира казахского и индийского народов в аспекте религиозно-философского синкретизма.

Аспекты религиозно-философского синкретизма в народном творчестве и духовном наследии великих мыслителей

казахского и индийских народов обретают новый смысл и значение, которые сегодня играют важную роль в духовной жизни человечества. Таким образом, исследование представляет собой сравнительный анализ формирования и историческую ретроспективу религиозно-философского контекста как результат комплексного изучения традиционных взглядов казахского и индийского народов. Определяется роль религиозно-философских идей в формировании системы морально-этической ориентации общества. Анализируется степень близости тюркской и индийской цивилизаций, кажушихся на первый взгляд далекими друг от друга, и достижения, формирующие духовно-нравственную структуру традиционного мировоззрения.

Для проведения всех этих исследований в ходе работы в British Library был проведен большой объем работы: проработаны каталоги, выявлены и сфотографированы источники по теме исследования, перевод и анализ которых предстоят в ближайшее время. Большую помощь в работе казахстанским ученым оказал руководитель Отдела азиатских и африканских исследований д-р Саттон Хедлей. Он провел несколько консультаций, рассказал о структуре и принципах работы департамента и всей библиотеки, показал шкафы с литературой в свободном доступе, порекомендовал множество книг по Индии.



Национальная британская библиотека – самая большая в Европе и вторая по размерам в мире после Библиотеки конгресса США в Вашингтоне. В ней хранится более ста пятидесяти миллионов экземпляров. Потому истинные любители книг обязательно посещают библиотеку, чтоб взглянуть на редкие и старинные издания. Контингент читателей здесь самый разнообразный: школьники, студенты, молодые ученые и профессора, а также самые разные люди. Британская библиотека собирает более 1,75 млн. читателей в год, и более чем 16000 людей посещают её каждый день (включая онлайн доступ). Если читать по 5 книг в день, то понадобится 80000 лет чтобы прочитать все книги, находящиеся в библиотеке на сегодняшний день. Библиотека может вместить более 1200 читателей одновременно.

Британская библиотека является крупной исследовательской библиотекой, имеющей предметы на многих языках и во многих форматах, как печатных, так и цифровых: книги, рукописи, журналы, газеты, журналы, звукозаписи и записи музыки, видео, сценарии пьес, патенты, базы данных, карты, марки, гравюры, рисунки. Коллекции библиотеки включают около 14 миллионов книг, а также значи-

тельные запасы рукописей и исторических предметов, начиная с 2000 года до нашей эры. Библиотека занимает площадь 367 квадратных километров на 14 этажах, пять из которых под землей. А к 624 км книжных полок ежегодно добавляется ещё 10 км, на которых помещаются 3 млн. новых книг. Это было самое крупное общественное здание, построенное в 20-м веке в Великобритании. Британская библиотека была создана в 1973 году после того, как отделилась от британского музея, став самостоятельным образованием. По оценкам, в ней хранится 170-200 миллионов предметов из многих стран. В качестве библиотеки обязательного депонирования Британская библиотека получает копии всех книг, выпущенных в Великобритании и Ирландии (около 8 тысяч в день), в том числе значительную долю зарубежных изданий, распространяемых в Великобритании. Она настолько большая, что даже включает в себя другие библиотеки — библиотеку короля, которая содержит 65000 печатных томов вместе с другими брошюрами, рукописями и картами, собранные королём Георгом III между 1763 и 1820.

Поскольку мы занимаемся сравнительным изучением духовного наследия казахского и

индийского народов, в Британской библиотеке нас больше всего интересовали материалы по индологии. Объем этих материалов, надо сказать гигантский! И это не удивительно. Ведь Индия была колонией Британской империи с 1858 по 1947 год. Не будем здесь говорить о негативных аспектах истории английского правления в Индии. Отметим только, что англичане скрупулезно фиксировали чуть ли не каждый свой шаг, каждое действие, каждый документ, что помогает исследователям изучать историю Индостана, ее культурные и научные достижения.

Несмотря на достижения научно-технической революции, человеческое общество сегодня переживает социальный и нравственный кризис со сменой духовных ценностей и моральных ориентиров. И сегодня как никогда особую актуальность и значимость принимает обращение к основам традиционной культуры и традиционного мировоззрения, к вечным ценностям. Пристальное внимание, но уже с новых позиций, требуют религиозно-философские основы народного мировосприятия, которые позволили человеческому обществу сохранить себя, свое творческое и духовное наследие. Есть Высшие Силы, к которым обращаются под разными именами и на разных языках, но которые едины в своих стремлениях к гармонии морально-нравственных ориентиров, к приоритету общечеловеческих ценностей и гуманистических идей. И наша задача, как исследователей, изучить эти ценности и гуманистические идеи с тем, чтобы содействовать сближению таких далеких, на первый взгляд, культур, как тюркская и индийская и внести свой вклад в развитие отечественных гуманитарных исследований.

Дарига КОКЕЕВА,
доцент

Зауре ИСКАКОВА,
ст. преподаватель

кафедра Ближнего Востока
и Южной Азии
факультет востоковедения

В здоровом теле – здоровый дух

Январь в КазНУ – время традиционной спартакиады «Здоровье» для сотрудников и ППС, которую в этом году в 49-й раз проводил профсоюз «Парасат» совместно со Спортклубом. В ежегодных посланиях Главы государства важное внимание уделяется здоровью населения страны, развитию физической культуры и спорта. В этом направлении в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби ведется активная работа. По инициативе профсоюза работников университета «Парасат» при поддержке руководства КазНУ, Спортивного клуба и центра ЗОЖ спартакиада прошла с 4 по 12 января.

Во время зимних каникул оживление царило на кафедре Физвоспитания, 671 человек в составе 20 команд принял участие в соревнованиях. Было видно, что участники спартакиады соскучились по спортивным баталиям. Первый вид спорта – бадминтон собрал 18 команд. Помимо факультетов в спартакиаде активно участвовали Департамент информации и коммуникации, Центр ситуационного управления, Научная библиотека и Военная кафедра. Победителями стали команды ФМО, ЦСУ и физико-технический факультет. Победители по настольному теннису распределились следующим образом: первое место-ФМО, далее следуют Военная кафедра и юридический факультет. Большой интерес болельщиков вызвали

соревнования по тогыз-кумалаку, национальной игре казахского народа, которая имеет историю в 4 тысячи лет. Интеллектуальный вид спорта, изобретенный нашими предками, занимает особое место в истории человечества. В настоящее время тогыз-кумалак стал популярным видом спорта во всем мире. Наши чемпионы – филологи, юристы и Факультет информационных технологий.

В волейбол на спартакиаде «Здоровье» играли мужские и женские команды. Среди мужчин победили представители юридического факультета, второе место завоевал мехмат, а третье место факультет информационных технологий. Среди женщин «золото» досталось филологам, «серебро» – факультету довузовского образования, а «бронза» – мехмату.



Как всегда порадовали игроки в мини-футбол. Футбол – игра миллионов, и страсти, кипевшие на полях, не уступали по накалу мировым чемпионатам. Победили сильнейшие – юристы, за второе место храбро сражался ЦСУ, а третьими стали филологи.

Особенно приятно было видеть, что в соревнованиях принимали участие руководители факультетов и подразделений – декан химического факультета А.Галева играла в бадминтон и теннис, декан исторического факультета Д.Байгунаков – в футбол, декан ФМО Д.Жекенов участвовал почти во всех видах спорта. Активно участвовали в соревнованиях декан ФДО

С.Суатай, заместитель декана ФДО К.Келдебеков и заместитель декана юридического факультета У.Ахатов. Прекрасную поддержку своей команде организовало профбюро Научной библиотеки (профорг – А.Рустемов).

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ имени Аль-Фараби Т.Мекебаев всегда подчеркивает, что одно из главных отличительных особенностей спартакиады «Здоровье» – это ее массовость. Поэтому решением профкома было разрешено в формировании команд из числа работников КазНУ для участия в спартакиаде «Здоровье» дать согласие на включение в состав команд работников

департаментов с учетом фактического места их работы.

Прекрасно в дни соревнований отработал тренерский штаб, главный судья соревнований М.Оспанбаева и зам.главного судьи – старший преподаватель Спортивного клуба Н.Таганова. Профсоюз благодарит зам. директора спортклуба Р.Заурбекову, и профессора центра ЗОЖ КазНУ А. Арещенко. Победители по видам спорта были награждены грамотами и призами от профсоюза. Команды-победительницы получили дипломы и кубки. Третье командное место завоевал факультет международных отношений (декан – Жекенов Д.К., профорг Пернеева Г.). Второе место у механико-математического факультета (декан – Абдибеков У.С., профорг – Байтуленов Ж.Б.). Победителем спартакиады стала команда юридического факультета (декан – Байдельдинов Д.Л., профорг – Нусипова Л.Б.). Но главное достижение Спартакиады – это, конечно, желание почти всех участников продолжать тренировки и в следующем году выступить еще лучше!

Ольга ЛОЖНИКОВА,
зампред профсоюза
«Парасат» работников КазНУ
Махпал ОСПАҢБАЕВА,
препод. центра ЗОЖ,
главный судья спартакиады

Шерхан Мұртаза - ұлт жанашыры

Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент Спатай Сартаевтың бастамасымен қазақтың біртуар ұлы, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция өтті.



Бұл іс-шараның аталмыш факультетте ұйымдастырылуының өзіндік себебі бар. Халықтың мұң-мұқтажын айтып, ұлт жанашыры болған қаламгердің қызы Алма Шерханқызы – біздің әріптесіміз, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында ағылшын тілінің аға оқытушысы болып еңбек етеді.

Конференцияға ғалым-ұстаздар, зиялы қауым, ақын-жазушылармен қатар, Түркия, Моңғолия, Англия, Венгрия секілді алыс-жақын шетелдерден ғалымдар белсене қатысты. Басқосуды факультет деканы Сәбит Суатай Шерхан Мұртаза туралы естелігімен ашты. Пленарлық мәжілісте журналист-жазушы Гүлзейнеп Сәдірқызы, ҚазҰУ-дың «Рухани жаңғыру» орталығының

басшысы Нұрғали Ораз, Венгриядағы Мадияр-Тұран орталығының төрағасы Бабақұмар Хинаят, жазушы Бақытбек Бәміш, (ZOOM арқылы), Моңғолияның Ұлан-Батырдағы «Баян-Өлгий» телеарнасының тілшісі Айбота Әлейхан, Шерхан ағамыздың қызы Алма Мұртаза баяндама жасап, естеліктерімен бөлісті.

Басқосуда қаламгердің ұзақ уақыт бойы республикалық БАҚ-тың басшысы болып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін іргеміздің тұғырлы болуы үшін саясатқа белсене араласқаны туралы айтылды. «Рухи мен намысы сөнген ел – өлген ел. Сапаға айналмаған сан жеме-жемге келгенде сан болудан қалады», – деген Шерағанның тілегі халқының рухын сөндірмеу болды.

Шераған Парламент депутаты болған кезінде халық игілігі үшін аянбады. Қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар алып жүрді. Шерхан Мұртазаның еңбектері халық үшін бағдарламдай жол көрсететін үш бағытқа негізделгені; туған жер табиғаты, ата-баба рухы және шығарманың негізгі сюжеті, яғни кейіпкерінің басынан өтіп жатқан оқиғалар тізбегі екені жайлы зерделенді. Осындай қымбат рухани қазына қалдырған ағамыз біз үшін өлген жоқ, мәңгі тірі, қазақ халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Айша БЕГАЛИЕВА,
Рахила НАРАЛИЕВА,
ҚазҰУ-дың аға оқытушылары

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Haluk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Haluk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486
+7 747 325 6874

Қысқы мектепте діни радикализм жайы сөз болды

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Философия кафедрасы, Дінтанулық зерттеулер және экспертизалар орталығы, Әл-Фараби орталығы мен Түркияның Алматыдағы бас консулдығы, Түркия дін істері жөніндегі атташелігі (Diyanet), Turkiye Diyanet Vakfi қоры (TDV) ұйымдастыруымен Әл-Фараби кітапханасында «Радикализмнің алдын алудағы Қазақстан мен Түркияның тәжірибесі: теориялық мәселелер мен практикалық шешімдер» атты халықаралық қысқы мектеп жұмысы өтті.

Жиын модераторы философия және саясаттану факультетінің деканы Б.Мейірбаев болды. Іс-шараға Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А.Құрманалиева, Түркияның Астанадағы елшілігінің дін істері жөніндегі кеңесшісі Нешет Бодур, Қазақстандағы терроризм және экстремизм проблемаларын зерттеу орталығының басшысы К.Бишманов, Түркия елінің Алматыдағы бас консулдығының дін

істері жөніндегі атташе Эмруллах Үзүм, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Мэтин Йылмаз қатысты.

Жиын дискус форматında өтіп, модераторлардың қадағалауымен пікірталас пен жаңа идеялар қарастырылды. Қазіргі күні діни радикализм Қазақстан мен Түркияның, тіпті бүкіл дүниежүзінің өзекті, жедел шешімін талап ететін жаһандық пробле-



маға айналды. Бұл мәселе мемлекеттік қауіпсіздікке, мемлекеттіліктің негізгі діңгегіне, соның ішінде демократияға, яғни әр адамның дербес құқықтары мен міндеттеріне әсер етеді.

Қысқы мектепте діни радикализмнің шығу тарихы, оның пайда болу себептері мен радика-

лизммен күресу жолдары талқыланды, көптеген практикалық ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар екі елде осы индетке қарсы іс-шаралардың ұйымдастырылуы, олардың іске асуының көрсеткіші қарастырылып, әр елдің нәтижесімен ой бөлісті.

Кездесу барысында діни экс-

тремизмнің халықтың жалпы сауаттылығы, соның ішінде діни сауаттылығымен тікелей байланысы анықталды. Яғни көптеген проблемалар азаматтардың білімінің, соның ішінде діни білімінің таяздығынан туындайды. Соның нәтижесінде өз ойы мен пікірі дұрыс қалыптаспай, көптеген теріс пікірлер мен жалған пәтуаларға жолығады.

«Радикализмнің алдын алудағы Қазақстан мен Түркияның тәжірибесі: теориялық мәселелер мен практикалық шешімдер» атты халықаралық қысқы мектеп бағдарламасының мәтіні жақын арада оқырмандарға ыңғайлы болу үшін жинақ ретінде жария етіледі.

Ж.ҚАҢТАРБАЕВА,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

А.ШАҢБАЕВА,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы «Исламтану» мамандығының 1-курс докторанты

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.